

**Мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын
орналастыру бойынша комиссия отырысының қорытынды
ХАТТАМАСЫ № 2**

Ақтау қаласы

30.03.2022 жыл

Төрағалық еткен: Комиссия төрағасы – Б.Турганбаева

Қатысқандар: Комиссия мүшелері (*бекітілген бұйрық бойынша*)

Қатыспағандар:

Күн тәртібі:

**Меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына
мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі тәрбие
мен оқыту бойынша қызмет жеткізушілердің тізбесіне енгізу туралы,
мемлекеттік білім беру тапсырысы бұрын орналастырылған мектепке дейінгі
білім беру ұйымдарына қосымша орындар орналастыру**

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасының тізбесінде көрсетілген мектепке дейінгі ұйымдардың конкурсқа қатысуға өтініштерін қоса берілген құжаттарымен бірге сәйкес келтірудің толықтығы тұрғысынан қайта қаралды.

Анықталған конкурстық құжаттары сәйкес келмейтін 11 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарының құжаттары толықтырылып қайта қаралды.

Конкурс қорытындысымен төмендегі, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

**Меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі білім беру
ұйымдарына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке
дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызмет жеткізушілердің тізбесіне енгізілсін:**

- 35 шағынаудан, 5/2 ғимаратында орналасқан ЖК Гусманова О.М. «Ай Нұрым» жекеменшік балабақшасы, 100 орын,
- 22 шағын ауданда № 6/2 орналасқан ЖК «Саурбаева Жаныл», «Сұлтан» жекеменшік балабақшасы, 50 орын,
- 32 б шағын ауданда 15 ғимаратта орналасқан «Балдырған» психологиялық логопедиялық дамыту балабақшасы, 45 орын,
- Толқын-2, № 77 үйде орналасқан «ГУЛНАР» жекеменшік балабақшасы, 80 орын,
- 3 шағын аудандағы № 69 үйде орналасқан «Дінмұхаммед» жекеменшік балабақшасы, 50 орын,
- 35 шағынаудан 36 үйде орналасқан «Яссауи» жекеменшік балабақшасы, 50 орын,
- Шығыс-1 тұрғын массивінде, № 76 ғимаратта орналасқан «BabyBoom EDUCATION Aktau» жекеменшік балабақшасы, 70 орын

- Шығыс-1, 187 үйде орналасқан «Ақбөпе» жекеменшік балабақшасы, 40 орын,
- Толқын-2, 37 үйде орналасқан «Дубок» жекеменшік балабақшасы, 80 орын
- ЖШС «ИКОШ» Ақниет балабақшасы Приозерный -37, ғимарат, 40 орын

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бұрын орналастырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қосымша орындар орналастыру

-
1. 16 шағынаудан № 68/3 ғимаратта орналасқан **«JUNIOR KIDS»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 75 орын,
 2. Ақтау қаласы 14 шағынаудан № 52 ғимаратта орналасқан **«GaRANT PRO»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 30 орын,
 3. Ақтау қаласы Толқын 2, 56 үйде орналасқан **«Еркетай»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 20 орын,
 4. Ақтау қаласы, Өмірзақ селосы Приозерный №3 **«СҰЛТАН»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 7 орын,
 5. Ақтау қаласы 6 шағынаудан № 15 ғимаратта орналасқан **«Өркениет Ақтау» Өркен** жекеменшік балабақшасы, қосымша 30 орын,
 6. Ақтау қаласы Өмірзақ селосында орналасқан **«Алтынай»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 10 орын,
 7. Ақтау қаласы Приозерный селосында орналасқан **«Инжу маржан»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 40 орын,
 8. Ақтау қаласы Приозерный -1, 10 үйде орналасқан **«Балапан»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 5 орын,
 9. Ақтау қаласы Шығыс -3, 53 үйде орналасқан **«Патша бала»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 10 орын,
 10. Ақтау қаласы 13 шағын ауданда орналасқан **«Түймеқыз»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 15 орын,
 11. Ақтау қаласы 24 шағын ауданда орналасқан **«Жастерек»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 30 орын,
 12. Ақтау қаласы Шығыс -2, 48 үйде орналасқан **«Аққу»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 20 орын,
 13. Ақтау қаласы 24 шағын аудандағы, 10 үйде орналасқан **«HAPPY GARDEN»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 45 орын,
 14. Ақтау қаласы 24 шағын аудандағы, орналасқан **«Алма»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 60 орын,
 15. Ақтау қаласы 29 шағын аудандағы, Толқын 1-64 үйде орналасқан **«Айша»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 50 орын,
 16. Ақтау қаласы 29 а шағын аудандағы, 30/1 үйде орналасқан **«Арай»** жекеменшік балабақшасы, қосымша 10 орын,

17. Ақтау қаласы Толқын 2 шағын аудандағы, 43 ғимаратта орналасқан «Алтын ұя» жекеменшік балабақшасы, қосымша 10 орын,

18. Ақтау қаласы Шығыс-3 шағын аудандағы, 21 ғимаратта орналасқан «Аяжан» жекеменшік балабақшасы, қосымша 15 орын,

19. Ақтау қаласы 17 шағын ауданда орналасқан «Балапан» жекеменшік балабақшасы, қосымша 70 орын

20. Ақтау қаласы Толқын-1 шағын ауданда, 109 ғимаратта орналасқан «Кәусар» жекеменшік балабақшасы, қосымша 20 орын

21. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бұрын орналастырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымы Ақтау қаласы 26 шағын ауданда орналасқан «Қарлығаш» балабақшасы, қосымша 50 орын, құжаттардың сәйкес келмеуіне байланысты **қосымша орындар орналастыру бас тартылсын.**

1. Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің бас маманы А.Байшахановаға:

– мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалар құрамы кезек тізімін басшылыққа ала отырып топтастырылсын, қаражат алу үшін ай сайын балалар тізімі ҰБҚДҚ-мен және платформадағы ақпараттық жүйелерде сәйкестігі тексеріліп, есепші мамандарға тапсырылсын;

- жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарына уақытылы әдістемелік көмек көрсетіліп, біліктілік арттыру курстарынан өтуіне жағдай жасалып, санаттарын көтеру жұмыстары жүргізілсін;

- мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту бойынша қызмет жеткізушілердің тізбесіне енгізілген және қосымша орындар орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдармен келісім- шарт жасақталсын.

- «Балдырған» психологиялық логопедиялық дамыту балабақшасы, білім беру тапсырысын орналастыру бойынша 45 орын ерекше білімді қажет ету әдістемесіне сәйкес қаржыландырылсын.

2. Жеке кәсіпкерлерге:

- ай сайынғы жасалған жұмыс көлемі туралы (қамтылған бала саны мен атқарылған іс-шаралар) актіні қалалық білім бөліміне тапсыру жүктелсін.

- ұлттық білімдік деректер қорына (ҰБДҚ) және платформадағы ақпараттық жүйелерге сәйкес ай сайын балалар тізімі мектепке дейінгі тәрбие оқыту бөлімінің маманымен келісілсін;

- мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру орындар санына сәйкес, кезектегі балалар «Indigo kz.24» сайты арқылы рәсімделсін.

- жекеменшік балабақшаларда «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан

кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» № 122 бұйрығын басшылыққа ала отырып, осы қағиданың 16 тармағының 6 тармақшасына сәйкес жеткізушінің алған міндеттемелері және Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес **ата-аналар төлемақысының мөлшері** сақталсын.

- мектепке дейінгі ұйымдар қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы № 726 қаулысы "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа алынсын.

- мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіздік жағдайлары, өрт қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынып, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

Комиссия төрағасы

Б. Турганбаева

Комиссия хатшысы

А. Байшаханова

КЕЛІСЕМІН:

А.Нурбергенова_____

К.В. Осин_____

А.Б. Утегалиев_____

З.С.Бермаганбетова_____

Г.А.Бектегенова_____

Т.К.Жумалиев_____

А.Н.Бурмаков_____

А.Шамшадинова_____

Г. Карашолакова_____